

**Сабақтың  
тақырыбы:**

**Жергілікті жерде  
картасыз  
бағдарлану**

## Сабақтың мақсаты:

Оқушыларды жергілікті жерде картасыз кең тараған тәсілдермен бағдарлануды және өзінің тұрған жерін көкжиек бойынша анықтауды үйрету.

# Сабақтың міндеттері:

- Бағдарлану туралы түсінік беру
- Оқушыларға компас көмегімен, жергілікті жер бедері бойынша, күнмен, аймен, жұлдыздармен бағдарлану туралы баяндау.

# Сұрақтар:

- Әскери топография?
- Жергілікті жер туралы мәлімет?
- Бағдарлану туралы түсінік?
- Жергілікті жерде бағдарлану?
- Көкжиектерді анықтау тәсілі?

**Әскери топография**- арнайы әскери пән. Ол жергілікті жерді зерделеу тәсілдерін, ондағы бағдарлауды және ұрыс қимылдары мүддесіндегі жергілікті жерді бағалаумен байланысты басқа да мәселелерді қарастырады. Әскери топография жау тылында жауынгерлік міндетін атқарушы десантшыға, жау аймағында әрекет етуші барлаушыға, қарсылас орналасқан жердегі көпірлерді жарушы саперға, қарсыластың атыс құралдарын белгілейтін бақылаушыға, мотоатқышқа, артиллерия әскерлеріне, танк әскерлеріне және басқа да әскери саладағы жауынгерлерге жауынгерлік тапсырмаларды орындау кезінде қажет.

# Бағдарлану туралы ТҮСІНІК

**Жергілікті жерде бағдарлану – яғни бұл көкжиек тұстарына қарай бағыт табу**

**Бағдар** деп жақсы айқындалатын жергілікті заттар мен бедер элементтері қатынасында өз тұрған орнын анықтап, қозғалыс бағыты және нысаналар орындарының көрсетілуін айтамыз.

# Жергілікті жер туралы мәліметтер



# Таулы аймақ





# Жазықтық




# Орман






# Көкжиек тұстарының түрлері




# Адрианов кўлабызы



**Рис. 10. Компас Адрианова:**


1 — корпус; 2 — шкала (лимб); 3 — магнитная стрелка; 4 — визирное приспособление (мушка и целик); 5 — указатель отсчетов; 6 — тормоз

# Көкжиек тұстарын күнге қарап сағат арқылы анықтау



*Көкжиек тұстарын күн мен сағатқа қарап атықтау:  
а-13 сағатқа дейін; ә-13 сағаттан кейін*

# Көкжиек тұстарын жұлдыздар арқылы анықтау





# Айға қарап бағдарлану

Айдың фазасы	Айдың көрініп тұрған бөлігі	Бағдарлану уақыты		
		19.00	1.00	7.00
		Айдың орналасуы		
Бірінші бөлігі		Оңтүстікте	Батыста	Көрінбейді
Толық ай		Шығыста	Оңтүстікте	Батыста
Соңғы бөлігі		Көрінбейді	Шығыста	Оңтүстікте

## Тексерулер барысында анықталғандар:

- Ағаш қабығының оңтүстік жағымен салыстырғанда, солтүстік жағы бұжырлау және күңгірттеу болып келеді;
- Мүк пен қына ағаш діңі мен тастың солтүстік жағына шоғырланады;
- Ауа-райының ыстық кездерінде қылқан жапырақты ағаштардың оңтүстік беткей жағына шайыр көбірек жинақталады;
- Құрмырсқалар өз илеуін ағаштың, түбірдің немесе бұтаның оңтүстік жағына салады. Илеудің оңтүстік жағы түйетайлы, солтүстік беткейі одан гөрі қиялау келеді;
- Жемістер мен жидектердің оңтүстік жағы қызғылттау болып келеді ;

- Ағаштардың бұтақтары мен жапырақтары оңтүстік жағында қалың және ұзын болып келеді
- Жеке тұрған ағаштар мен тастардың оңтүстігінде шөп қалың өседі;
- Тау қырларындағы қар көктемде солтүстік жағынан қарағанда оңтүстік жағында тез ериді;
- Мұсылман мешіттеріндегі айдың іш жағы әрқашанда оңтүстікке бағытталған.

# Жергілікті жер бедеріне қарап, көкжиек тұстарын анықтау




Рис. 15. Определение сторон горизонта по признакам местных предметов

# Үй тапсырмасы:

1. Көкжиек тұстарын жұлдыздарға қарап анықтау.
2. Жергілікті жер бедеріне қарап, көкжиек тұстарын анықтау
3. Қысқаша конспект жазу.